

**Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласының білім
бөлімінің «Малшыбай селосының №15 негізгі орта мектебі» КММ
Қамқоршылық кеңесінің
ХАТТАМАСЫ №1**

Өткізілген уақыты: 27.01.2023 ж.

Өткізілген орны: Акт залы

Қатысқандар: Мектеп директоры Карабеков Ж.Е., директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Игенова А.Ж., қамқоршылық кеңес мүшелері және хатшысы.

Күн тәртібінде

1. 2022-2023 оқу жылына жүргізілген дайындық жұмыстарының барысы.
2. Мектеп директорының ағымдағы 2022-2023 оқу жылына орта білім беру ұйымдарының оқу кабинеттері және оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі туралы есебі.
3. Әр түрлі мәселелер.

Бірінші және екінші сұрақ бойынша мектеп директоры Жанторе Егинбайевич сөз алды:

Қаралды:

2022-2023 оқу жылын 37 оқушымен 7 сынып комплекті ұйымдастырып бастады, оның ішінде 4 бастауыш сыныптар, 3 орта буын сыныптары. 6,8-сыныптар біріктіріліп оқытылады. Мектепте 12 мұғалім қызмет етеді. Мектепте 11 оқу кабинеті бар. Кітапхана – 55,5 шаршы метр. Мектеп кітапханасында әдебиеттік қор – 4347 оқулық, оқулықтар қоры – 1320 оқулықты құрайды. Жаңа оқу жылында кітапханалық қор-105 ағылшын, қазақ және орыс тілдері оқулықтарымен қамтамасыз етілген. Оқулықпен білім алушылар – 100 % қамтылды.

Спорт зал: алаңы 120,5 шаршы метр. Мектептің спорт залы биылғы жаңа оқу жылында толығымен жабдықталды. Мектеп аумағында орналасқан спорт алаңында балалардың спортпен айналысуына, таза ауада ойын ойнауға барлық жағдайлар жасалған. Мектеп Акт залында 30 орындықпен жабдықталған. Акт залы жалпы жиналыстар, мәдени іс-шаралар өткізуге өте ыңғайлы. Мектептің 6 кабинеті толығымен интербелсенді құралдармен жабдықталды: биология және химия, ағылшын, қазақ тілі, технология ұлдар, қыздар кабинеттері.

2022-2023 оқу жылында 33 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Оның ішінде 5 оқушы жергілікті бюджет есебінен. 28 оқушы жалпы білім беру қоры есебінен. Мектебімізде азқамтылған отбасы саны-3, бала саны-7, көпбалалы отбасылар саны-8, бала саны-16, патронаттық тәрбиеге алушы отбасы саны-3, бала саны-5.

Мектепте «Үстел теннис» үйірмесі бар. Қатысатын оқушы саны-15. 4-8 сыныптар.